

Г.К. Аюпова^{1*}, Қ.Е.Тілеш²

^{1, 2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
(E-mail: mariyash_darmen@mail.ru)

Стиль құбылысы: лингвистика және поэтика

Мақалада көркем мәтін стилистикасы ғылыми проблематикасы қарастырылған. Авторлар бұл мәселенің өзекті теориялық және әдіснамалық қырларына мән берген. Стиль өзінің табиғатына орай жалпыфилологиялық құбылыс ретінде қарастырылған. Тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарындағы стиль мәселесінің тілдік және әдеби тұрғыдағы ғалымдардың пікірлері мен оған берілген ғылыми анықтамалар негізге алынып, тұжырымдар жасалған. Оның ішінде, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері келтірілген. Сипатына орай көркем мәтіндегі стильдің бірнеше қабаттары көрсетілген. Осы бағытта айтылған ғылыми пікірлер мен концепциялар сараланған. Әсіресе, лингвистикалық стилистикаға айрықша мән беріліп, тиісті ғылыми-теориялық қорытындылар жасалған. Мақаладағы ғылыми қорытындылар көркем шығармалар негізінде орындалып, қажетті салыстырулар жүргізілген.

Кілт сөздер: тіл, әдебиет, көркем шығарма, мәтін, стилистика, лексика, стиль, ғылым, жүйе, зерттеу, автор образ.

Kipicne

Тіл мен әдебиетті байланыстыратын сабақтас ерекшеліктер көп. Оның себебі сөз өнері ретінде әдебиеттің негізгі материалы тіл болғандықтан ол әдеби шығарманың идеялық мазмұнын да, композициялық құрылымын да қалыптастырады. Осыдан көркем шығарманың ортақ тілдік бірліктерінің сипаты шығады. Ондай ерекшеліктер көркем шығарманың стилін құрайды. Сол себепті де, жалпы әдеби шығарманың немесе белгілі бір қаламгердің шығармаларындағы тілдік құбылыстарды қарастырудың негізгі бір саласы оның стильдік ерекшеліктерін тану мәселесімен байланысты болып келетіні мәлім. Біріншіден, белгілі бір шығарманың немесе жалпы жазушы шығармаларының стильдік арналарын көрсету, сол автордың тілдік компоненттерді қолдану мүмкіндіктерін саралауға жол ашса, екіншіден, стильді қарастыру тілдік тұрғыдан алғанда кешенді зерттеу болып табылады. Өйткені, стиль категориясы тіл білімінің барлық саласымен байланысты. Мұнда фонетика да, лексикология мен фразеология да, морфология мен синтаксис те қамтылады.

Ғылымда стиль туралы ортақ түсініктің, ғылыми ортада қабылданған маңызды ортақ шешуші ғылыми тұжырымдардың қалыптаса қоймауы стилистикалық зерттеулер жүргізу барысында туындайтын ең бірінші қиындық. Әсіресе, қазақ тіл білімінде жалпы функционалды стильдерге, жекелеген ақын-жазушылар шығармаларының стиліне байланысты еңбектер болғанымен де, стильге қатысты теориялық еңбектердің аздығы сезіледі, содан барып терминологиялық жүйе, ұғым-түсініктердің аражігі кейбір тұстарда бұлыңғыр күйінде қалып отырғаны белгілі.

Зерттеу деректері мен әдістері

Тақырыпты зерттеуде талдау, жинақтау, әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Отандық тіл біліміндегі стилистикалық зерттеулер, олардың ішінде мейлінше орныққан теориялық ой-пікірлер функционалды стилистика саласымен тығыз байланысты болып М.Балақаевтың, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың, К.Ахановтың, Р.Сыздықованың, С.Исаевтың, Ә.Хасеновтің оқулықтарында және зерттеулерінде хрестоматиялық ыңғайда жазылғанын жақсы білеміз. Әдебиеттануға келсек, осындай еңбектердің қатарында Қ.Жұмалиевтің, З.Ахметовтің, Ә.Қоңыратбаевтың, С.Негимовтің, Қ.Жүсіптің еңбектерін атаймыз. Стильге байланысты осы оқулықтар мен зерттеулерде көркем мәтін стилистикасын да көптеген мәселелері қарастырылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: mariyash_darmen@mail.ru

Бұл еңбектерде стиль, стилистика салаларына қатысты нәтижелі зерттеулер жасалған. Функционалды стилистика, грамматикалық стилистика салаларында бірқатар ілгері кетушілік байқалады. Көркем әдебиет стилистикасын зерттеуде де ізденістер жоқ емес. Соған қарамастан қазақ тіл білімінде стилистика бағытында қарастыруды қажет ететін мәселелер жетерлік. Біздің топшылауымызша, әсіресе, «стиль» терминіне енетін түсініктер аясын, лингвистикалық стилистика мен әдеби-теориялық мәндегі стилистика аралығын, стиль қалыптастырушы компоненттер табиғатын айқындау – кезек күттірмейтін ғылыми мәселелер. Бұл бағытта шетел, орыс тіл білімінде айтарлықтай ілгерілеу бар екенін көреміз. Лингвистика және поэтика саласындағы зерттеулерде стиль мәселесі қашанда пікір алуандығын тудырып келе жатқаны мәлім. Тілтанушы ғалымдар, әдебиеттанушылар, тіпті философия өкілдері де бұл мәселеде әр түрлі пікірлердің өрістеуіне себепші болып, тіпті кейде бір-біріне қарама-қарсы пікірлер айтылып қалып жүр. Тіл білімінде де, әдебиеттануда да дәл стиль мәселесі сияқты екіұдайылық тудырып келе жатқан категорияны табу қиын десе де болғандай.

Жалпы, стиль категориясын лингвистиканың да, поэтиканың да нысаны етудің негізі үш себебі бар. Біріншіден, стилистикалық талдау нысанасы болып табылатын сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін тілдік компоненттер болуымен қатар, көркем шығарманың да пішіндік көрсеткіштері. Осындай ортақтастық табиғаты, сөз жоқ, ортақ зерттеу объектісін қалыптастырады. Екіншіден, филология ғылымының екі саласының бір мәселе төңірегіндегі қарастыру аймақтары анық сараланбаған, ал ондай саралану болған күннің өзінде көптеген зерттеушілер осы аралық межені ұстана бермейді. Үшіншіден, тілдік зерттеулердің де, әдеби-теориялық зерттеулердің де стильге келгенде мақсаттары айқын емес. Төртіншіден, стилистикалық терминдерді қолдануда бірізділік сақтала бермейді. Себебі, жалпы бұл стиль құбылысының күрделілігімен және тілтанушы, әдебиетші ғалымдардың бұл мәселеге алуан пікірде болуымен байланысты. Дегенмен, стиль мәселесі көркемдік құбылыс ретінде жан-жақты зерттелінуде.

Тілдік және көркемдік құбылыс ретінде стиль тілге де, әдебиетке де тән құбылыс болған себепті жалпыфилологиялық ұғым. Міне, осындай жалпылық табиғаты оны әр ғылымға тән нақтылауды қажет етеді. Тіл сөз өнерінің басты және бірден-бір материалы бола тұрғанымен, ол сол тілдің грамматикалық, семантикалық заңдылықтарына бағынады. Қандай да болмасын семантикалық өзгерістерді мәтіннің контексті айқындайды. Табиғи тілдік қолданыстарда ол контексті логикалық мағына айқындаса, көркем шығарма контекстінің мағынасын ұғыммен бірге образ айқындайды. Көркем әдебиет тілі образды көркем тіл екеніне стильді зерттеу барысында айрықша көңіл бөлген жөн. Бейнелі тілдің жасалуы белгілі идеялық-эстетикалық мағына тудыру ерекшелігі тіл білімінде емес, әдебиеттанудың зерттеу аясында қарастырылады. Г.Винокур әдеби стильдің лингвистикадан тыс сипаты туралы: «Тіл көркем – өнер ауқымында бола отырып, тек стилистикалық айшықтаулар болудан қалады да, екінші образдық ақиқатқа айналады» – деп жазған болатын [1; 247]. Сонымен бірге әдеби стильді сөз еткенде және бір маңызды жайтқа көңіл бөлген абзал. Ол – әрбір жазушыға тән әдеби стиль ауқымында автордың өмірге, дүниеге көзқарасының көрінуі. Осыдан келіп әдеби стильдің лингвистикалық стильден ажырайтын тағы бір ерекшелігі туындайды. Яғни, әдеби стильді бір ғана тілдік қабатпен шектеуге болмайды. Әдеби стильдің көрсеткіші таңба, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, жалпы көркем мәтін бола тұрғанымен, олар жаңа эстетикалық типтегі, белгілі бір идеялық мағынаның көрсеткіштері. Жалпы, әдеби тілге байланысты ілгеріде айтқандарымызды жинақтасақ, ондай әдеби стильді танудың бірнеше қабатын көрсетуге болады. Орыс ғалымы М.Поляков ондай қабаттардың үшеу екендігін көрсетеді: 1) көркем мағына немесе ішкі форма; 2) образдар жүйесі; 3) поэтикалық тіл (сыртқы форма) [2; 123]. Біз бұдан стиль құбылысының көп қабатты табиғатын танимыз. Осыларды жинақтасақ, әдебиеттегі стиль мәселесі шығарманың мазмұнымен, жанрлық-құрылымдық және поэтикалық тілімен байланысты бола отырып, идеялық-эстетикалық жүйеден шығатынын білдік. Лингвистикалық стилистикасыз әдеби стильде бірқатар мәселелер шешусіз қалар еді. Лингвистикалық стилистика қандай да болмасын жазушы стилін айқындауда базалық рөлге ие болады.

Жалпы тілдік жүйенің макробөлшегі бола отырып, стиль өз кезеңінде оның өзі де макрожүйе қалыптастырады. Және ондай макрожүйе лингвистикалық стилистикада кем дегенде екі топты құрайды. Оның алғашқысына, біздің ойымызша, тілдің функционалды стильдері енеді. Айталық, кеңсе ісқағаздары стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ауызша сөйлеу стилі, көркем әдебиет стилі деген сияқты. Стильдік зерттеу жүргізудегі кедергілер екінші түрдегі стилистикамен сабақтас. Оны В.Виноградов кезінде көркем әдебиет тілінің негізгі пәні ретінде атаған [3].

Функционалды стильдерді жіктеу мен жүйелеуде тілдің қолданылу аясы негізге алынса, көркем әдебиет стилистикасында мұндай жүйелеу жоқ. Ол тіл білімінің қай саласына болса да етене жақын, себебі: «стиль ойды білдіру құралдарының жүйесі ретінде, тіл құрылымының барлық элементтерін – дыбыстарды да, грамматикалық тұлғаларды да, сөзқазынасын да, фразеологиялық тіркестерді де және осы салалардың композициялық-синтаксистік жағынан түзілу тәсілдерін де қамтиды» [2; 230]. Осы тұрғыдан келгенде, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық стилистика деп бөлудің жөні бар. Лингвистикалық стилистика мен әдеби-поэтикалық стилистиканың айырым белгілерін айтқанда, олардың зерттеу объектілері мен зерттеу аумағын межелеп алған дұрыс. Сонымен жоғарыда айтқанымыздай, әдеби стиль ауқымына шығарманың тілдік, көркемдік ерекшеліктерімен бірге жанрлық-композициялық, тақырыптық, идеялық мазмұны да енеді. Лингвистикалық стилистика функционалды стильдерді топтастыру, жүйелеу, зерттеумен бірге, ол тілдік құбылыстарды тағы да бірнеше бағытта зерттейді. Стилистика саласында жемісті еңбек еткен ғалымдардың еңбектерін тірек ете отырып жүйелесек, онда лингвистикалық стилистиканың зерттеу бағыттары ретінде мыналарды атар едік: 1) стилистикалық нормаларды анықтау; 2) тіл стилистикасы мен сөз стилистикасының арақатынасын айқындау; 3) стиль тудыратын тіл компоненттерін тарихи тұрғыдан таныту; 4) дыбысталу, яғни фонетикалық элементтердің стилистикалық ерекшеліктерін көрсету; 5) морфологиялық тұлғалардың стильдік реңк тудыру мүмкіндіктерін саралау; 6) сөйлем конструкцияларының стиль жасау сипатына баға беру; 7) лексикалық бірліктердің стилистикасын зерттеу; 8) жеке авторлардың стилін саралау; 9) диахрониялық және синхрониялық құбылыстарды айқындау т.б.

Лингвистика мен поэтикада стиль мәселесіндегі шешілмей келе жатқан қиыншылықтарды, біздің ойымызша, үш нәрседен аңғаруға болатын секілді. Біріншіден, филология ғылымының бір саласы ретінде стилистиканың қалыптасу тарихында әр түрлі көзқарастар бар. Бір ғылымның ішінен бөлімдерге саралану процесінде алуан пікірлердің, әртүрлі ғылыми мектептердің тұжырымдамалары болды және олар көп ретте бір-біріне қайшылықты арнада өрістеп жатты. Сол себепті де стиль туралы ортақ ұстаным бола бермеді. Екіншіден, тілдік фактілердің рухани саламен байланыстылығын, сондай-ақ әдебиеттің басты, бірден-бір материалы тіл екендігін бірқатар ғалымдар ескергілері келмей, стилистиканы тек тіл біліміне ғана қатысты деуге дейін барды. Үшіншіден, стиль ұғымының айқын болуына кедергі болатын мәселенің бірі сол құбылыстың күрделілігімен байланысты.

Тіл қоғам дамуымен бірге дамиды дегенде, ең алдымен адамның ойлау, жалпы бейнелі ойлау қабілеті дамыған сайын тілдің әр түрлі қызмет аясы да, өрістеу ауқымы да, сөздердің мағына беру және тіркесу мүмкіндіктері де арта түсетіні қашаннан да белгілі. Белгілі бір авторға тән мәтін келесі бір автор жазған мәтіннен өзгешелеу болып тұрады. Әр қаламгерге тән мұндай ерекшелікті кезінде А.Байтұрсынұлы да аңғарған болатын. Белгілі еңбегінде ол: «Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзгеше құрастырып, өз оңтайымен тізеді, өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады... Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатынша үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл, яғни лұғат белгісі болады» – деп жазған еді [4; 141-142]. Сондықтан стильді зерттеу барысында, оның ішінде, көркем әдебиет стилистикасы ауқымында сөз шеберінің ортақ стильдік ерекшеліктерін табу мен тануда нелерді негізге алу қажеттілігі айқындалуы қажет сияқты. Ол үшін лингвистикалық мағынадағы стиль ауқымын анықтау міндеті туындайды.

Жазушы стилін қалыптастыратын факторлар туралы ғалымдар бірқатар ұсыныстар айтып жүр. Солардың ішінде дүниетанымдық, яғни философиялық, психологиялық және эстетикалық факторларды негізгілер деп таныған жөн секілді. Әрбір қаламгер – белгілі бір дүниетаным иесі. Яғни, оның сөз таңдауы, жалпы сөз қолдануы, солардың аясында мәтін құрастыруы (түзуі), сөз жоқ, отбасылық тәрбиеден, білім ордасынан, өскен ортасынан, адам талғамынан өрістеп жатады. Бұл ақиқат нәрсеге тіл мен ойлаудың бірлігін айтсақ, онда көп жайдың сыры ашылады. Бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың қай-қайсысы да ой жүйесі мен тілдік жүйе арасындағы тығыз байланысты айта отырып, сөйлеушінің, жазушының тілдік қолданыстарында сол тұлғаға тән белгілі бір тілдік модель болатынын да жазады. Адамның әр ісінде жан дүниесінің көрінісі болатыны тәрізді, оның сөйлеу әрекетінде де психологиялық фактор үлкен орынды иемденеді. Бұл туралы М.Поляков стильге тікелей қатыстырып: «Жазушының қабілет-бейімі, әсершілдігі, психологиялық жан жүйесі тілде әдеби мәтіннің белгілі бір стильдік жүйесін түзеді» – дейді [2; 98].

Көркем әдебиет стилі қандай да бір шығармашылық жұмыстың жемісі дейтін болсақ, бұл арада мәселенің психологиялық жағын да жеке, арнайы зерттеудің жөні бар сияқты. Ең аяғында стильді түзуге эстетикалық жүйе ықпал жасайды. Ол – жазушының көркемсөз шебері екендігімен байланысты. Мәселе бұл арада жазушының сөз талғауымен, сөздерді суреткерлік мақсатына орай көркем мәтінде орналастыруымен байланысты. Сөздің әуезділігі, саздылығы, үйлесімділігі алдыңғы қатарға шығады.

Эстетикалық таным көркем шығармада бейнелілік тудыра отырып, сол автордың стильдік жүйесін де қалыптастырады. Міне, осы арада поэтика мен лингвистикадағы стилистиканың зерттеу аймағының шекарасы да өтеді. Таратыңқырап айтсақ, көркем мәтіндегі бейнелілікті поэтика қарастырса, бейнелілікті қалыптастырған тілдік факторларды тіл біліміндегі стилистика зерттеуі тиіс. Сонда шығармадағы бейнелілік оның идеялық мағынасын көркем бейнелеу жолы болатын болса, тілдік-стильдік құрылымы мағынаны беруді іске асыру жолы болады да, стилистикада қашан да лингвистикалық стилистика алғашқы, бастапқы орында тұрады. Өйткені сөз тілдік түрленулер арқылы бейнелі, көркем контекстке айналады. Тілдік жүйе және көркемдік жүйе жасайтын стильдің өзіне келетін болсақ, оған біржақты, ортақ анықтама беру қиындық тудырады. Ең алдымен, көркем шығармадағы, тіпті кез келген мәтіндегі сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемді стиль түзуші компоненттер деп тануға бола ма, жазушы немесе айтушы стилі кез келген тілдік формалардан көріне бере ме деген сауал туындайды. В.Виноградов: «Стиль дегеніміз – санадан өткерілген, қызметі айқындалған жалпыхалықтық, жалпыұлттық тілдің белгілі бір саласы, тілдік тәсілдердің сұрыпталған және жүйеленген жиынтығы» – деп жазады [5; 73]. Ғалымның бұл пікірін құптар болсақ, онда стильдің құрамына белгілі ішкі тәсіл арқылы жасалған сөздік қолданыстардың қандай да болмасын сұрыпталған, тіркестірілген жиынтығы жатады, яғни стиль түзуде заңдылық бар. Ал, М.Поляков: «Стильде анықтаушы маңызға тілдік құралдар емес, оларды таңдау фактісі ие болады» – дейді [2; 74].

Стилистика мәселесін шешіп алу үшін оның зерттеу объектілерін бөліп алу қажет сияқты. Академик В.Виноградов стилистиканы үшке бөледі: 1.Құрылымдық стилистика немесе тіл стилистикасы; 2.Қолданымдық стилистика немесе сөз стилистикасы; 3.Көркем әдебиет стилистикасы [3]. Бұлардың әрқайсысының өзіндік қолданылу аясы бар екені түсінікті. Тіл стилистикасы да, сөз стилистикасы сияқты, белгілі дәрежеде көркем әдебиет стилистикасының материалы бола алады. Алайда, бұлар қолданылу ерекшеліктеріне орай өздерінің стильдік-тілдік аясын қалыптастырады. Мәселен, көркем әдебиет стилистикасы жөнінде профессор Б.Шалабай: «Әлемдік тәжірибеде көркем әдебиет тілі үш қырынан немесе үш түрлі аспектіде алынып зерттеліп келеді: тілдік, стилистикалық, көркем-эстетикалық. Алғашқы қырынан алғанда, көркем әдебиет тілі таза тілдік тұрғыдан зерттеледі, яғни жалпыхалықтық не әдеби тілдің белгілі бір кезеңінің тілдік сипатын анықтауға қажетті материал ретінде қарастырылады. Екінші қырынан алғанда, әдеби тілдің функционалды стильдерінің ішіндегі ең бір күрделісі – көркем әдебиет стилінің қыр-сырын ашу көзделеді. Үшіншіден, көркем әдебиет тілі көркем шығарманың көркем-бейнелі болмысын ұйымдастырушы маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады» – дейді [6; 4]. Көркем әдебиет стилистикасы анағұрлым кең екендігін отандық және шетелдік ғалымдар да үнемі айтып жүреді. Себебі, көркем әдебиет стилистикасы көркем мәтіннің күрделілігімен әрі оған тарихи-ғылымдық көзқарастың қажет екендігімен түсіндіріледі. Олай дейтініміз, көркем әдебиет тілі әрқашан да әртүрлі вариацияларды беріп отырады. Әрбір тарихи дәуірдің тілдік ортасы, көркем ойлау, түйсіну деңгейі, әр авторға тән тілдік қолданыстар, сөз жоқ, көркем әдебиет стилистикасына өзгермелі сипат дарытып отырады. Айталық, ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы жыраулық поэзия үлгілерінің тілдік, стильдік сипаты мен одан соңғы кезеңдегі Бұқар жырау, Махамбет, Дулат немесе Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов шығармаларының сөз кестесінде айырмашылықтар бар екені белгілі. Мәселен:

Кіші қалмақ бұлерде
Бозылардың билігі
Буабұрқан болысты
Уағдадан жылысты
Буыршындай тіздесті
Жамандықты іздесті
Бірін-бірі күндесті

– деген Бұқар жырау толғауынан алынған үзінді мен төмендегі берілген Дулаттың:

Жырымды менің тыңдаған,

Сөз ұғатын соңғы адам
Тыңдаудан әсте тынбаған.
Гауһардай дүрге бұлдаған
Сарқырап аққан жылғадан
Жыр арнасы – суатпын!

– деген үзіндісін, Мағжанның:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жантуып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

– деген өлең жолдарымен салыстырсақ, бұл шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұнын айтпағанның өзінде, бірқатар тілдік айырмашылықтарды аңғаруға болады. Біріншіден, лексика саласындағы әр кезеңге тән сөз кестесі, екіншіден, тілдік-эстетикалық саласындағы алуандық (мысалы, теңеулер: буыршындай, гауһардай, метафоралы сөз – суатпын), фонетикалық салада бүлерде, уағда сияқты көне варианттар кездеседі.

Жалпылай келгенде, лингвистика мен поэтикадағы стилистикасындағы өрісті де, өнімді зерттеу бағыттарының бірі – автор образы. Көркем шығармадағы автор бейнесі қаламгердің дербес стилін көрсетуде үлкен орынға ие болады. Ал, жалпы стиль мен стилистика мәселесінде дербестік мәселесі басты мәселелердің бірегейі екені мәлім, прозаға қарағанда, поэзияның субъективтілігі басым. Прозалық, драмалық көркем туындыларда оқиға сюжет, композиция, кейіпкерлер жүйесі арқылы өрістесе, тілдік қабатты қалыптастыруда автор бейнесі авторлық баяндауда да, монолог, диалог, полилог, объективті баяндауда да үлкен орынға ие болса, поэзияда, оның ішінде, лирикада автор бейнесінің орны тіпті ерекше, сол себепті шығармадағы автор бейнесі, ақындық «мен» дербес стилистикалық қуатқа ие. Шығармалары автордың көңіл күйімен, жеке өмірімен берік байланыса өрілген Бернияз сынды ақынның өлеңдерінде, тіпті поэмаларында автор бейнесі айрықша маңызға ие. Сондай-ақ, автор бейнесі, авторлық баяндау тілдің фонетика, лексика, морфология мен синтаксис салаларын бірдей қамтиды. Автор бейнесінің шығарма тілін зерттеудегі маңызы жайында М.Брандес: «Автор бейнесі – ол көркем шығарма құрылымын көктей өтетін ішкі негіз сияқты, оның айналасына шығарманың стильдік жүйесі топтасады» – деп жазған болатын [7; 52]. Автор образының нақты көркем шығармада көрінуі зерттеудің осы тарауының екінші бөлімінде ақынның лирикалық туындылары негізінде қарастырылады.

Қорытынды

Ғылымда стиль категориясы жоғарыда айтқанымыздай, жалпы филологиялық ұғым болғандықтан, терең, әрі кешенді зерттеуді қажет етеді. Біз бұл ғылыми проблематикадағы негізгі мәселелерді ғана қарастырдық. Сондықтан, бұл еңбек мейлінше теориялық әрі әдіснамалық тұрғыдан жазылды. Ғылымның тарихы мен теориясынан бәріміз жақсы ұғынатындай, ғылыми мәселені шешу үшін өзекті мәселелерді күн тәртібіне қою қажеттігі шығатынын да білеміз. Сондықтан біз мәселенің қойылысына назар аудардық. Стиль сияқты тілге де, әдебиетке де, жалпы көркем өнерге де тән үлкен құбылыстың табиғатын тану арқылы біз солардың өздерін де тани алмақпыз.

Стиль құбылысын тану арқылы әдеби шығарманың да, белгілі бір әдеби кезеңнің де және қаламгердің де шығармашылық ерекшелігін жақсырақ білуге қол жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Винокур Г. Маяковский – новатор языка / Г. Винокур. – М.: Советский писатель, 1943.
- 2 Поляков М. Вопросы поэтики и художественной семантики / М. Поляков. – М.: Советский писатель, 1978.
- 3 Виноградов В. Итоги обсуждения вопросов стилистики / В. Виноградов // «Вопросы языкознания». – 1995. – № 1.
- 4 Байтұрсынов А. Шығармалары / А. Байтұрсынов. – Алматы: Жазушы, 1984.
- 5 Виноградов В. Проблемы русской стилистики / В. Виноградов. – М.: Высшая школа, 1981.
- 6 Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы / Б. Шалабай. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті. 1999.
- 7 Брандес М. Стилистический анализ / М. Брандес. – М.: Наука, 1971.

Г.К. Аюпова, Қ.Е.Тілеш

Феномен стиля: лингвистика и поэтика

В статье рассматривается научная проблематика стилистики художественного текста. Авторы уделили внимание актуальным теоретическим и методологическим аспектам данной проблемы. Стиль по своей природе рассматривается как общефилологическое явление. Сделаны выводы и приведены научные определения, основанные на мнениях ученых в области языка и литературы. В том числе, представлены труды зарубежных и отечественных ученых. В художественном тексте представлены несколько видов стиля. Научные мнения и концепции, высказанные в этом направлении, были проанализированы. В частности, особое внимание уделено лингвистической стилистике и сделаны соответствующие научно-теоретические выводы. Научные выводы в статье сделаны на основе художественных произведений, проведены необходимые сравнения.

Ключевые слова: язык, литература, художественное произведение, текст, стилистика, лексика, стиль, наука, система, исследовать, образ автора.

G.K. Ayupova, K.E. Tilesh

The Phenomenon of Style: Linguistics and Poetics

The article deals with the scientific problems of the stylistics of literary texts. The authors paid attention to the actual theoretical and methodological aspects of this problem. Style is considered as a general philological phenomenon. The problem of style in linguistics and literary studies is based on the opinions and scientific definitions of linguistic and literary scientists. Also, scientific conclusions are given. Among them are the works of foreign and domestic scientists. There are several styles according to the description of the literary text. Scientific opinions and concepts expressed in this direction were analyzed. Special attention is paid to linguistic stylistics and appropriate scientific and theoretical conclusions are made. Scientific conclusions in the article are based on the literary works and the necessary comparisons are made.

Keywords: language, literature, fiction, text, stylistic, lexis, style, science, system, to research, figure of the author.

References

- 1 Vinokur, G. (1943). Majakovskij – novator jazyka [Mayakovsky is an innovator of the language]. Moscow: Sovetskij pisatel [in Russian].
- 2 Polyakov, M. (1978). Voprosy pojetiki i hudozhestvennoj semantiki [Questions of poetics and artistic semantics]. Moscow: Sovetskij pisatel [in Russian].
- 3 Vinogradov, V. (1955). Itogi obsuzhdenija voprosov stilistiki [Results of the discussion of stylistics issues]. Voprosy jazykoznanija – Questions of linguistic knowledge. Vol. 1 [in Russian].
- 4 Baitursynov, A. (1984). Shygarmalary [Works]. Almaty: Zhazushy [In Kazakh].
- 5 Vinogradov, V. (1981). Problemy russkoi stilistiki [Problems of Russian stylistics]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 6 Shalabai, B. (1999). Korkem adebiet stilistikasy [Stylistics of fiction]. Almaty: Respublikalyq baspa kabineti [In Kazakh].
- 7 Brandes, M. (1971). Stilisticheskii analiz [Stylistic analysis]. Moscow: Nauka [in Russian].